**«Келісілді»**
№4 ЖББОМ директорының
ғылыми әдістемелік
ісі жөніндегі орынбасары
А. Узакпаева
_______________
«_01_» ___09___ 2022 жыл

**«Бекітемін»**
**Мектеп директоры:**
**Шуйтенов С. Ж**

**№4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ**

# «4K»

Critical Thinking / Creativity / Communication / Coordinating With Others

Зияткерлік пікірсайыс клубының (үйірмесінің) жоспары

2022-2023 оқу жылы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-8 және 9-10-11 сыныптарына Пікірсайыс негіздерін үйретуге бағытталған **«4К: Critical Thinking / Creativity / Communication / Coordinating With Others»** Зияткерлік пікірсайыс клубының (үйірмесінің) жоспары

**1. Кіріспе**

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) және «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы сәйкес әзірленген.

2. Зияткерлік пікірсайыс клубы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

**2. Оқу жүктемесінің көлемі:**

7 - 8 сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында сағат;
9-10-11 сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында сағат;

**3. Жоспары**

| **№** | **Тақырыбы** | **Сағат саны** | **Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)** |
|---|---|---|---|
| | **Пікірсайыс туралы жалпы түсінік.** | | |
| 1 | Пікірсайыс тарихы. | **2 сағат** | Пікірсайыстың пайда болуын баяндау және оқушыларға бастапқы түсініктерді қалыптастыру арқылы қызығушылығ арттыру. |
| 2 | Пікірсайыстың Қазақстанда қалыптасуы. | | |
| | **Шешендік өнер қағидалары.** | | |
| 3 | Шешендік өнер қағидалары. | **3 сағат** | Психологиялық тренинг жүргізу және техникаларды қолдану арқылы оқушылардың сенімділікті арттыру |
| 4 | Қорқынышты жеңуге арналған техникалар. | | |
| | **Ораторлық қабілетті дамыту** | | |
| 5 | Ораторлық не үшін маңызды? | **2 сағат** | Оқушыларды көпшілік алдында сөйлеуге алғашқы қадамдарын жасауы. |
| 6 | Тыңдаушылардың назарын аудару техникалары. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Пікірсайыстың құндылықтары.** | | |
| 7 | Пікірсайыстағы сыйластық пен әдеп ережелері. | **3 сағат** | Сыйластықтың алатын рөлін түсіндіру№ әдептілікті сақтай отыра пікірсайыспен айналысу. |
| 8 | Дебат терминдерімен таныстыру. | | |
| | **Пікірсайыс форматтарының айырмашылығы.** | | |
| 9 | Карл Поппер және Линкольн-Дуглас форматтары. | **4 сағат** | Форматтардың артықшылығын түсіну. |
| 10 | Американдық Парламенттік формат пен Британдық парламенттік форматтар. | | |
| | **Американдық Парламенттік формат.** | | |
| 11 | Парламенттік форматтың ережесі | **3 сағат** | Апф ойындарына талдау жүргізу.Көрсетілім ойындар жүргізу. |
| 12 | Спикерлердің қызметтері. | | |
| | **Британдық парламенттік формат.** | | |
| 13 | БПФ форматының ережесі. | **3 сағат** | Бпф ойындарына төрешілік жасату және талдау. |
| 14 | Формат ерекшеліктері, | | |
| 15 | Кеңейту техникасы. | | |
| | **Линкольн-Дуглас форматы.** | | |
| 16 | ЛД форматының ережесі. | **4 сағат** | ЛД форматындағы ойындарды талдау және практика. |
| 17 | Кейс құрылымы. | | |
| 18 | Кристализация (Сараптама) | | |
| | **ПДФ немесе Президент-Демократ форматы** | | |
| 19 | ПДФ форматының ережелері. | **2 сағат** | ПДФ форматындағы ойындарды талдау және практика |
| | **Пікірсайыс қарарлары** | | |
| 20 | Қарар түрлері | **3 сағат** | Қарарларды анализдеуге бейімдеу. |
| 21 | Қарардың өзектілігі мен маңыздығын анықтау | | |
| | **Саяси қарарлар** | | |
| 22 | Саяси қарарлар анықтамасы. | **1 сағат** | Ұсынылған қарарларды топтарға тез арада жіктеуге үйрететін техниканы пайдалану. |
| 23 | Саяси қарарлардың артықшылықтары . | | |
| | **Құндылықты қарарлар** | | |
| 24 | Құндылықтық қарар анықтамасы. | **1 сағат** | Ұсынылған қарарларды топтарға тез арада жіктеуге үйрететін техниканы пайдалану. |
| 25 | Құндылықтық қарарларды талдау. | | |
| | **Пікірсайыста кездесетін өзге де қарар түрлері.** | | |
| 26 | Үшінші жақты және Туындатушы қарарлар туралы түсінік . | **1 сағат** | Ұсынылған қарарларды топтарға тез арада жіктеуге үйрететін техниканы пайдалану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Пікірсайысшының кейсі.** | | |
| 27 | Кейс туралы түсінік және түрлеріне жеке тоқталу. | **3 сағат** | Сапалы кейстің ойын алағындағы маңыздылығын салыстыру техникасы арқылы түсіндіру. Кейс құру |
| 28 | Кейс құрылымы. | | |
| | **Аргументтің құрылымы.** | | |
| 29 | Аргументке қойылатын критерийлер. | **3 сағат** | Қарарларға сай элементтері толық аргумен құру. |
| 30 | Аргументтің элементтері. | | |
| | **Принциптік аргументация** | | |
| 31 | Принциптік аргументация түсінігі және мысалдар. | **1 сағат** | Қарарларға принциптік аргументтер құру. |
| | **Дефиниция және Позициялық дефиниция.** | | |
| 32 | Дефиниция мен Позициялық дефиниция түсінігі. | **3 сағат** | Дефиниция түрлерінің ойынға қосатын үлестерін түсіндіру және дефиниция құруға практика. |
| 33 | Дефиниция мен Позициялық дефиниция айырмашылығы. | | |
| | **Пікірсайыстағы қарсылықтың алатын орны.** | | |
| 34 | Спикерлердің функциялары. | **3 сағат** | Қарсылық нүктелерін табу. Аргументтерге қарсылы келтіру. |
| 35 | Қарсылықтың түрлері | | |
| | **Контраргументация** | | |
| 36 | Контраргументация ұғымы. | **1 сағат** | Контраргументация құру. |
| 37 | Контраргументация техникасы. | | |
| | **Сараптама туралы түсінік.** | | |
| 38 | Сараптама бөлімінің маңыздылығы. | **2 сағат** | Спикерлердің сараптамаларын талдау. Ойынға толық сараптама жасау. |
| 39 | Сараптамада бөлімінің ережелері. | | |
| | **Сараптама түрлері мен олардың айырмашылығы** | | |
| 40 | Кейстік сараптама. | **3 сағат** | Таза сараптама жасауға биімделу. |
| 41 | Функционалды сараптама | | |
| 42 | Идеялық сараптама | | |
| | **Сараптама техникалары** | | |
| 43 | Спикерлердің сараптамада жиі жасайтын қателіктері. | | Пікірсайысшылардың ойнын талдау. |
| 44 | Сараптама | | |
| | **Пікірсайыстағы төрешінің рөлі.** | | |
| 45 | Төрешілік не үшін маңызды ? | **3 сағат** | Ойынға ткрешілік жасау. |
| 46 | Төрешінің функциясы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Төрешінің түрлері** | | |
| **47** | Төрешінің түрлері мен айырмашылығы. | **3 сағат** | Төрешілік парақпен жұмыс. |
| **48** | Төрешілік парақты толтыру техникасы. | | |
| | **Пікірсайыста сұрақтар қаншалықты маңызды ?** | | |
| **49** | Сұрақ қою маңыздылығы. | **3 сағат** | Ашық және жабық сұрақтар қою арқылы өз позициясына үлес қосу. |
| **50** | Сұрақ түрлері. | | |
| | **Саяси қарарлардағы Механизм** | | |
| **51** | Механизм түсінігі. | **2 сағат** | Механизмдік қарарларға кейс құру. |
| **52** | Механизм сұрақтарына тоқталу. | | |
| | **Спикерлік балл қою шарттары.** | | |
| **53** | Спикерлік балл не үшін маңызды? | **2 сағат** | Ойыншылардың ойындарын талдау және спикерлік балл қою. |
| **54** | Балл шкаласы мен қойылу себептері. | | |
| | **Пікірсайыстың саяси аренадағы рөлі.** | | |
| **55** | Халықаралық Пікірсайыс Ассосациясы. | **1 сағат** | Ассосация құрамындағы елдермен танысу. |
| **56** | Дүниежүзілік дебат турнирлері | | |

# АНЫҚТАМА

28.01.2023 жылы Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде №63 ЖББОМ-нің «Жаңа ғасыр» дебат клубымен «4К» дебат клубының арасында жолдастық кездесу өтті.

Оқушыларымыз қонақ команданы ыстық ықыласпен қарсы алып, көңіл сергітіп,танысу мақсатында «Сиқырлы спикерлер» атты квест ойынын ұйымдастырды.

Жолдастық кездесу АПФ форматындағы дебат ойындарымен жалғасты. «Жаңа ғасыр» дебат клубымен «4К» дебат клубының спикерлері берілген тақырыпты аша біліп, өзекті ойларын ортаға салып, өз позицияларын керемет қорғап шықты.

«4К» дебат клубының жетекшісі Сагадатов Райбек пен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жанынан құрылған “Заман біздікі” Интеллектуалды элиталар одағының президенті Ханиев Аманжол ЛД форматта дебат ойнап, өз шеберліктерімен бөлісті.

Кездесу соңында мектеп әкімшілігі мен оқушылар жолдастық кездесуге келген №63 ЖББОМ-нің «Жаңа ғасыр» дебат клубына және жетекшісіне өз алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсті.

ДЕБАТ - оқушылардың бойында саяси мәдениетті, өз әрекеті үшін қоғам алдындағы жауапкершілікті, шығармашыл және сыни ойлау қабілетін қалыптастырады.




Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Берғалиева Ф.О.

Қойшыбаев Қ.Ж.







# АНЫҚТАМА

10.02.2023 жылы Ақтөбе қаласы білім бөлімі "Әдістемелік кабинеті" мен №1 ОМ бірлесіп, М.Мақатаев шығармашылығына арналған "Поэзия менімен егіз бе едің?" атты қалалық байқауына мектебімізден "Қасиетіңнен қара өлең айналайын" көркем сөз номинациясы бойынша 10 "а" класс оқушысы Баймұратова Жаннұр қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Ф. Берғалиева

"Есіңе мені алғайсың" ақынның сөзіне жазылған әндерді орындау номинация бойынша 8 "б" класс оқушысы Кульниязова Анель орын иеленді.

Жетекшісі: Р. Гайсина

"Патриот болу парызың! " атты қалалық дебат турниріне мектебіміздің "4К" дебат клубының мүшелері 10 "а" класс оқушылары Амирбеков Бекжан мен Нуримов Азамат қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Р. Сагадатов

Жетістіктеріңіз құтты болсын! Биіктерден көріне беріңіздер!




Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Берғалиева Ф.О.

Қойшыбаев Қ.Ж.

# Анықтама

29.04.2023 жылы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Әдістемелік кабинеті» КММ, Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы, Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі бірлесіп мектеп оқушылары арасында Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған «Ұлы даланың дүбірі – домбыраның күмбірі» атты қалалық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды.
Турнирге 7 мектеп, 14 фракция, 28 оқушы қатысып, 5 іріктеу кезеңі бойынша АПФ және ЛД форматтарында бақ сынады.

Мемлекет басшысы Қажым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Ойынға қатысушылар кейін үгіт-насихат пен популистік идеяларды оңай ажыратып, өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізе алады. Мұндай тәжірибе жастарға күнделікті ақпарат ағынын сыни қабылдауға да көмектеседі. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің әлеуметтік байланыстары мен бір-біріне деген сенімін нығайтады», – деген болатын.

Төрешілер алқасының шешімі бойынша ойын лигасында жүлделі орындар және номинациялар беріліп,
✓ Турнир жеңімпазы - Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектеп директорының кубогімен марапатталды.
✓ I орын диплом және ұялы телефон - №125 мектеп командасы;
✓ II орын диплом және сымсыз құлаққап - №1 мектеп командасы;
✓ III орын диплом – Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия мектеп командасы;
III орын диплом - №4 орта мектеп командасы
✓ «Үздік спикер» – 1 адам;
✓ «Үздік төреші» – 1 адам;
Турнирдің жеңімпаздары, үздік спикерлер мен үздік төрешілер және қатысқандар – дипломдармен марапатталды.






Құрманғазы Сағырбайұлының
200 жылдығына арналған
"Ұлы даланың дүбірі – домбыраның күмбірі"
атты қалалық пікірсайыс турнирі

# АНЫҚТАМА

10.02.2023 жылы Ақтөбе қаласы білім бөлімі "Әдістемелік кабинеті" мен №1 ОМ бірлесіп, М.Мақатаев шығармашылығына арналған "Поэзия менімен егіз бе едің?" атты қалалық байқауына мектебімізден "Қасиетіңнен қара өлең айналайын" көркем сөз номинациясы бойынша 10 "а" класс оқушысы Баймұратова Жаннұр қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Ф. Берғалиева

"Есіңе мені алғайсың" ақынның сөзіне жазылған әндерді орындау номинация бойынша 8 "б" класс оқушысы Кульниязова Анель орын иеленді.

Жетекшісі: Р. Гайсина

"Патриот болу парызың! " атты қалалық дебат турниріне мектебіміздің "4К" дебат клубының мүшелері 10 "а" класс оқушылары Амирбеков Бекжан мен Нуримов Азамат қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Р. Сагадатов

Жетістіктеріңіз құтты болсын! Биіктерден көріне беріңіздер!




Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

Берғалиева Ф.О.

Қойшыбаев Қ.Ж.